

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ: БҮГІНГІ КҮННІҢ ЗАМАНАУИ ТАЛАБЫ

Мәсенов Қайрат Бағашарұлы

kmasenov@mail.ru

А.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қоршаған ортаны қорғауды басқару және инжиниринг кафедрасының» қауымдастырылған профессоры., т.ғ.к., Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қашықтықтан білім беру дегеніміз бұл оқытушы мен білім алушының өзара белгілі бір ара қашықтықтан бір-бірімен арнайы ғаламтор технологиясы немесе басқа құрылғылар арқылы әрекеттесіп білім берудің бір түрі.

Жалпы қашықтықтан білім беру формасы өткен уақыттардан бері қолданылып келе жатқаны бізге белгілі. Білім берудің бұл үлгісі өткен ғасырларда батыс және еуропа елдерінде, сонымен қатар бұрынғы кеңес үкіметінде сыртай оқу арқылы, яғни дәстүрлі түрде ресми почта арқылы оқытушы мен білім алушының арасында байланыс орнайтын.

Ал бүгінгі таңда бұл жаңаша онлайн-білім беру жүйесі деп аталады.

Қазіргі таңда ақпараттық құралдардың ерекше дамуына байланысты қашықтықтан білім беру бағдарламасы толық қанды жүз пайыз қашықтықтан немесе дәстүрлі білім беру мен қашықтықтан оқыту технологиясын қосып университет қабырғасында аралас білім беру үлгісін жүзеге асыруға болады.

Бүгінде әлемнің көптеген білім беру орындарында бүкіл әлемдік ғаламтор желілері арқылы жаппай ашық онлайн курстары арқылы қашықтықтан білім беру формалары пайда болды.

Қашықтықтан оқыту технологиясының тарихы сонау 1728 жылдан басталады. Сол жылы Бостон газетінде оқытушы Калеба Филиппаның почта арқылы апталық сабақты оқығылары келетін студенттерді іздегені туралы жарнама жарияланған болатын.

Ал содан кейін 1840 жылы алғашқы қашықтықтан оқыту курсы Исаак Питманның үлесіне тиеді. Исаак Питман стенография жүйесін оқытқанда оқушыларымен почта арқылы әрекеттесе білген.

Сонымен қазіргі уақытта қашықтықтан білім берудің қандай мүмкіндіктері мен пайдасы бар және оның ерекшеліктері қандай деген сұрақ туындайды.

Қашықтықтан білім беру бұл бүгінгі күннің заманауи талабы, әсіресе бүкіл әлемді дүр сілкіндірген пандемия (COVID-19) басталғалы бері барлық білім жүйелерінде қашықтықтан білім беру технологиясына деген көзқарас ерекше өзгерді.

Біздің елімізде ағымдағы жылдың науырыз айының ортасынан бастап барлық орта және жоғарғы оқу орындары осы қашықтықтан оқу жүйесіне ауысты.

Еуразия ұлттық университетінде қашықтықтан оқыту жүйесі, яғни жаппай ашық онлайн курстары 2018-2019 оқу жылынан бастап жүзеге асқан.

Мен 2018-2019 оқу жылында екі пәннен видео-дәріс курсын (қазақ және орыс тілдерінде), ал 2019-2020 оқу жылының басында жаңа үлгіде тағы бір пәннен видео-дәріс курсын жасап үлгерген едім.

Осы екі оқу жылында қашықтықтан оқытудың аралас формасын біраз зерттеп үлгердім. Зерттеу бойынша өзіме төмендегідей нәтижелерді анықтай алдым.

Біріншіден бұл оқытушы үшін де, білім алушылар үшін де оқытудың жаңа бір үлгісі болғандықтан мағанда, студенттерге де өте қызықты болды;

Екіншіден білім алушылардың пәнге деген қызығушылықтарын, ынталарын байқадым;

Үшіншіден студенттердің дәстүрлі білім алуға қарағанда, осы жаңаша қашықтықтан білім алу формасы анағұрлым ұнайтынын және бұл әдіс оларға ыңғайлы екендігіне көзім анық жетті. Себебі жалпы студенттердің аралас, яғни жаппай ашық онлайн курстары арқылы алған білім деңгейлері дәстүрлі білім берумен салыстырғанда 10-15 пайызға өсті.

Оның басты себебі барлық студент онлайн-курсы арқылы жазылған видео-дәрісті қалаған уақытында, кез-келген жерде (көлікте, демалғанда, спорт клубтарында ж.т.б жерлерде) көріп, тыңдай алады. Егер дәстүрлі білім беру жүйесі бойынша студент дәрісті аптасына оқытушыдан тек бір рет естісе, онлайн-курсы бойынша жазылған видео –дәрісті өзі қанша қаласа сонша рет көріп, тыңдай алады.

Сонымен қатар бұл қашықтықтан білім берудің, яғни онлайн-курсы арқылы білім алған студенттер сол пәннен аралас сабақ өткенде оқытушыға қойылатын сұрақтарының көлемі бірнеше рет өскенін байқадым. Оның себебі қол жетімді видео-дәрісті өздері түсінгенше бірнеше рет көріп тыңдағанда, оның ішіндегі презентацияны бірнеше мәрте қарау арқылы және тақырыпқа байланысты қосымша видео және басқа материалдарды көру арқылы олардың білім деңгейлері, көзқарастары артып заңды түрде қосымша сұрақтар туындап отырады.

Төртіншіден қашықтықтан білім беру білім беру сапасын артыратынын байқадым, себебі қашықтықтан білім беру жүйесінде университеттің жаппай ашық онлайн курсына тіркелген студенттер заманауи компьютерлік технологияны меңгереді және сонымен қатар электрондық кітапхана жүйесімен таныс болып қосымша әдебиеттермен танысады.

Бесіншіден қашықтықтан білім беру технологиясы оқытушының жаңа рөлін анықтайды, уақыт үнеділігін арттырады, элеуметтік тепе-теңдікті белгілейді, сонымен қатар оқытушыда, білім алушыларда ары қарай инновациялық жаңаша ізденушілікке мүмкіндік алады.

Біз жиырма бірінші ғасырдың адамдары болғандықтан білім беру жүйесіне жаңа көз қараспен қарауымыз керек. Өткен ғасырларда мысалы кеңес үкіметі тұсында білім беру сапасы өте жоғары болған, бірақ ол кезде ғаламтор жүйесі жоқ болды.

Студенттер жоғарғы оқу орындарында оқытушы айтқан немесе оқыған дәрісін қалайда жан таласып жазып алуға тырысатын, себебі ол материалды басқа жерден табу өте қиынға соғатын және қосымша білім алу үшін сол оқу орынының немесе тұрғылықты қаланың кітапханаларынан іздейтін. Ал оқытушылар жазғы демалыстарының жартысынан көп уақыттарын кітапханаларға барып керекті материалдар жинап немесе өндіріс орындарынан қосымша материалдар алып, солардан арнайы дәрістер құрастырып, студенттерге соны оқитын.

Ал қазіргі заман мүлде басқаша біз студенттерге білім бергенде осыны анық ескеруіміз қажет. Барлық пәндерден керекті материалдарды іздеген адам ғаламтор арқылы оп-оңай, әрі жеңіл түрде таба алады. Міне осы жеңілдікке байланысты студенттердің білім алу сапасының төмендеп бара жатқанын анықтауға болады. Себебі студент ойланбайды, өзіндік жұмысты, практикалық жұмыстарды ғаламтор арқылы көшіріп алып өтізе салып жатады. Ал оның мәні мен мағанасына өкінішке орай көңіл бөлмейді.

Сондықтан қашықтықтан білім беру жүйесінің пайдасы мен ерекшеліктерін осы орайда кең көлемде пайдаланып, білім сапасын арттыруға әбден мүмкіндік бар.

Себебі шындығын айтқанда баяғы дәстүрлі оқу жүйесінен студенттер шаршады деуге болады. Өйткені екі сағаттық дәстүрлі дәрісте студенттер онбес-жиырма минут өткеннен кейін ойлары басқа жақта, ынталары жоқ екенін аңғару қиын емес. Шындығында жүз минут тек құрғақ сөзбен кез-келген адамды шаршатуға болады.

Осы тұста қашықтықтан білім беру технологиясын барынша қолдану керек деп ойлаймын, өйткені қандайда жаңашылдық әр адамды, қоғамды сергітіп ұйқысын шайдай ашатыны анық.

Қашықтықтан білім беру технологиясына бинарлық білім беру жүйесімен дуалдық білім беру жүйесін қосып білім сапасын жоғары дәрежеге жеткізу әбден мүмкін.

Осы бинарлық және дуалдық білім жүйесі бойынша бірнеше семинарларға қатысып, бір-екі мақала жариялап едім, бірақ өкінішке орай тыңдаушыларға қарағанда жәй естушілер басым болды ғой деп ойлаймын.

Менің ылғи қайталап айтатын мәселем сол, білім жүйесіне дәстүрлі жүйеден басқа, өзгеше осындай жаңаша білім беру әдістерін енгізу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Мен болашақ бағдарламасын бітірген соң өз кафедрामда үш жыл көлемінде, үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) бинарлық әдіспен сабақ беру үлгісін енгіздім. Егер қысқаша айтсақ бинарлық сабақ өткізудің маңызы дәріс курсына және тәжірибелік сабақты да екі оқытушы жүргізеді. Оқытушылардың біреуі теорияны түсіндірсе, екіншісі практикалық жағын қондырғы және арнайы аспаптарды нақты көрсету арқылы сабақ түсіндіреді. Бұл жерде практикалық жағынан сабақ түсіндіретін оқытушының арнайы өндірістен шақырылғаны дұрыс болады.

Ал дуалдық білім беру әдісі бұл қашықтықтан білім беру сияқты нағыз заманауи қазіргі уақыт талабына сай әдіс деп ойлаймын.

Біз студенттерге университет қабырғасында теория бойынша 30-40 пайыз білім беріп, ал қалған 60-70 пайызын нақты өндіріс орындарында практика жүзінде өткізуіміз керек. Себебі болашақ маман өз қолымен ұстап, көзімен көріп жұмыс істесе, тек сонда ғана теория мен практиканы ұштасыра алады, тек сонда ғана жаңа идеялармен, инновациялық жобалар пайда болады.

Кеңес одағы кезіндегі өндірістік, диплом алды практикаларды қайта жандандыру керек, тек сонда ғана біз білім деңгейін жаңа белестерге көтере аламыз.

Қорыта айтқанда егер дұрыс қолдана білетін болсақ қашықтықтан білім беру жүйесінің болашағы зор. Басында бұл жүйе негізінен физикалық тұрғыдан кем тар, мүгедек адамдарға бағытталса, әлемді жайлаған пандемия бұл жүйеге барлық адамдар, барлық білім жүйелері мұқтаж екендігін көрсетті.

Сондықтан бұл жүйені толық енгізіп, ары қарай дамыту әр оқытушының, әр жоғарғы оқу орындарының міндеті деп білемін.

Әрине қашықтықтан білім берудің біраз кемшіліктері бар, яғни оқытушымен студенттердің тірідей бетпе-бет байланысының жоқтығы, студенттердің бір-бірімен байланыстарының болмауы және біраз шығынды талап етеді.

Бірақ бұл қиындықтар толық ақталады, қазақта көш жүре түзеледі деген сөз бар емеспе.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. Kaplan, Andreas M.; Haenlein, Michael (2016). "Higher education and the digital revolution: About MOOCs, SPOCs, social media, and the Cookie Monster". *Business Horizons*. **59** (4): 441–50. doi:10.1016/j.bushor.2016.03.008.
2. ^ Honeyman, M; Miller, G (December 1993). "Agriculture distance education: A valid alternative for higher education?" (PDF). *Proceedings of the 20th Annual National Agricultural Education Research Meeting*: 67–73.
3. ^ Tabor, Sharon W (Spring 2007). "Narrowing the Distance: Implementing a Hybrid Learning Model". *Quarterly Review of Distance Education*. IAP. **8** (1): 48–49. ISBN 9787774570793. ISSN 1528-3518. Retrieved 23 January 2011.
4. ^ Vaughan, Dr Norman D. (2010). "Blended Learning". In Cleveland-Innes, MF; Garrison, DR (eds.). *An Introduction to Distance Education: Understanding Teaching and Learning in a New Era*. Taylor & Francis. p. 165. ISBN 978-0-415-99598-6. Retrieved 23 January 2011.
5. ^ Holmberg, Börje (2005). *The evolution, principles and practices of distance education*. *Studien und Berichte der Arbeitsstelle Fernstudienforschung der Carl von Ossietzky Universität Oldenburg [ASF]* (in German). **11**. Bibliotheks-und Informationssystem der Universität Oldenburg. p. 13. ISBN 3-8142-0933-8. Retrieved 23 January 2011.
6. ^ Alan Tait. "Reflections on Student Support in Open and Distance Learning". *The International Review of Research in Open and Distance Learning*.
7. ^ IAP. distance learning... a magazine for leaders volume 2 number 6. p. 18. ISBN 9787774554229.